

## **НҮР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСЫЛ БЕЛДЕУІНІҢ ҚАЛА ЖӘНЕ ҚАЛА МАҢЫ КЛИМАТЫНА ӘСЕРІ**

**Утел Адиль Уалиханулы**

[adiled001@mail.ru](mailto:adiled001@mail.ru)

Л. Н. Гумилёв атындағы Евразия ұлттық университетінің магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.О. Дәрібай

Нұр-Сұлтан «Жасыл белдеуі» – біздің ұрпағымыз үшін жасалып отырған мәңгілік мұра. Бұл туралы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мәлімдеген болатын.

Елорда жасыл белдеуінің жалпы ауданы – 14 827 гектар, онда 11 502,2 гектар жерде 9,6 млн-нан астам ағаш (қайың, шегіргүл, терек, үйеңкі, қарағай) пен 1,8 млн-ға жуық бұта (қарақат, дерен, үшқат, мойыл) отырғызылған. Негізінен ағаштардың жапырақты тұқымы 98,2% болса, қылқан жапырақты тұқымдардың үлесі небәрі – 1,8%.

Қолайсыз климаттық жағдайды жақсартып, қала халқының жайлы өмірі мен демалысына жағдай туғызу мақсатында 1996 жылы «Астананың жасыл белдеуін» құру мәселесі қолға алынды. Оған ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев бастамашы болды. Негізгі жұмыстар 1997 жылы басталып, екі кезеңге бөлінді. Екінші кезеңде, яғни 2012-2018 жылдар аралығында жасыл белдеудің жалпы аумағындағы 8127 гектар алқаптың 2 594,9 гектарына 3 174 342 дана ағаш көшеті отырғызылды. Олардың 40,7%-ы қылқан жапырақты (шырша, қарағай, балқарағай, арша), 59,3%-ы жапырақты (емен, шегіршін, шыбын, шаған, үйеңкі, қарақат) болса, 636,6 гектар жерге көпжылдық түйнек, эспарцет, жоңышқа, т.б. егілді. «Жасыл белдеуде орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі міндеті – орман экожүйесінің тепе-теңдігін сақтап, халықтың жаппай демалуы үшін қолайлы рекреациялық жағдай жасау [1].

«Жасыл аймақ» РМК-ның материалдық-техникалық базасын арнайы орман шаруашылығы техникаларымен және құралдарымен нығайту алдын ала қарастырылды.

Жаңа орман алқаптарын жасау жолымен бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету, орман өсіру бойынша жұмыстардың артуына жағдай туғызады, бар болған екпе ағаштары, табиғи шоқ ормандар, теміржол және автомобиль жолдары бойындағы қорғаныш орман алқаптары бірыңғай жүйеге қосылды.

Нұр-Сұлтан қаласының қала маңындағы ландшафты көз тартатын көрініске ие болып, мәдени, сауықтыру және санитарлық-гигиеналық жағынан астана тұрғындары үшін көбірек бағалы болады.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қаңтардағы № 198 «Орманшылық, балықшылық және аңшылық шаруашылығы Комитетінің мәселелері» қаулысына сәйкес, 2000 жылы ұйымдастырылған [2].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қарашадағы № 1239 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы Комитетінің кейбір мәселелері» қаулысына сәйкес және оны жүзеге асыру бойынша Орман және аңшылық шаруашылығы Комитетінің 2002 жылғы 27 қарашадағы № 43 бұйрығымен, «Жасыл Аймақ» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын, оған Орман және жануарлар дүниесін қорғау бойынша Ақмола мемлекеттік мекемесін қосу жолымен, қайта ұйымдастыру жүзеге асырылды. Орман және аңшылық шаруашылығы Комитетінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 38 «Жасыл Аймақ» РМК орман қорының аумағын ұйымдастыру туралы» бұйрығына сәйкес, аумақта Нұр-Сұлтан, Вячеслав, Қызылжар, Шортанды орманшылықтары және «Ақ қайың» тұқымбағы құрылды. Орман және аңшылық шаруашылығы Комитетінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 92 «Жасыл Аймақ» РМК орман қорының аумағын ұйымдастыру туралы» бұйрығына сәйкес, орман қорының аумағында «Батыс» орманшылығы құрылды. 2009 жылғы 20 қазандағы № 297 «Жасыл аймақ» РМК Аршалы орманшылығын құру туралы» бұйрығына сәйкес, Аршалы орманшылығы құрылды, 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 296 «Жасыл аймақ» РМК Ерейментау орманшылығын құру туралы» бұйрығына сәйкес, Ерейментау орманшылығы құрылды, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 233 «Жасыл аймақ» РМК Сарыоба орманшылығын құру туралы» бұйрығына сәйкес, Сарыоба орманшылығы құрылды [3].

Бөлімшелердің, олардың құрылған кезіндегі алаңдары және өзгеру құбылысы 1 - кестеде келтірілген.

1-кесте. Бөлімшелердің құрылған кезіндегі алаңдары және өзгеру құбылысы

Бөлімшелер	1 қаңтардағы жағдайы бойынша алаңы												
	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Нұр-Сұлтан	9521	4279	5029	3938	3089	9887	9365	9365	9365	9365	9365	9785	12389
Батыс					10078	10088	10078	10088	10078	10088	11233	12261	12261
Вячеслав	1254	5313	7883	7883	7883	7883	9525	9525	9525	9525	9525	9525	9525
Қызылжар	8165	9211	9267	11126	9428	9181	12090	12090	12090	12090	12090	12605	12605
Шортанды			2305	11140	9311	9311	9311	11084	11084	11084	11988	15714	23006
"Дамса" тұқымбағы			69	69	69	69	69	69	69	69	69	69	69

"Ақ қайың" тұқымбағы	110	265	265	265	265	265	265	265	265	265	265	265	265
Аршалы							3265	3368	3368	3368	3368	3368	3918
Ерейментау								6382	6382	6382	6382	6382	6382
Сарыоба								3909	3909	3909	3909	3909	3909
Орталық база						6	6	6	6	6	6	6	6
Жиыны	<b>1905</b>	<b>19068</b>	<b>24818</b>	<b>34421</b>	<b>40123</b>	<b>46690</b>	<b>53984</b>	<b>66151</b>	<b>66151</b>	<b>66151</b>	<b>68200</b>	<b>73889</b>	<b>84335</b>

Нұр-Сұлтан қаласының жасыл аймағын құру үшін дайындық жұмыстарының бірі жер телімдерін бөлу. Қала шекарасына барынша көп маңайлас болған алаңдарда, Нұр-Сұлтан қаласы жасыл аймағының отырғызылған ағаштарын толықтыру бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 01-7.7 тапсырмасына сәйкес, «Қазгипроорманшар» РМК тарапынан 2011-2018 жылдары жүргізілген жобалау-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша екпе ағаштарын құру үшін жалпы 14 985,74 га учаскелер бөлініп берілді, соның ішінде: Целиноград ауданы бойынша 7 118,4 га, Шортанды ауданы бойынша 4 813,0 га және Аршалы ауданы бойынша 3 054,34 га.

2011 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде тексеру үшін барлығы 34 887,44 га ұсынылды, соның ішінде Целиноград ауданы бойынша – 19 906,2 га; Шортанды ауданы бойынша – 11 922,86 га; Аршалы ауданы бойынша – 3 054,34 га.

2015 жылы Шортанды ауданы бойынша 7 113,9 га қосымша бөліп берілді, сондай-ақ жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізу бойынша жинақтаушы «Қарабидайық» тарапынан 12 787,8 га ұсынылды, осы алқаптан 2015 жылы 596,6 га жинақтаушыға жақын жерде рәсімделді. Қалған 12 191,2 га алқап ҚР АШМ келісімі бойынша жасыл желек екпе ағаштарын құру жоспарынан шығарылды [4].

#### Қорытынды

Жасыл белдеу арқасында Нұр-Сұлтан қаласының ауа температурасы жылына бастаған. Бір жағынан, елорданың климаты жаһандық процестер әсерінен өзгеріп отырады, екінші жағынан жылдам дамып келе жатқан қала мен оның айналасындағы жасыл белдеу жергілікті климатты өзгертуде. Желдің орташа жылдамдығы біртіндеп төмендеп келеді. Орман алқаптары қар тоқтату қызметін де атқарады. Бұл қыс мезгілінде боран мен боран күшінің төмендеуіне әсер етеді. Орман топырағына байланысты шанды дауыл да бәсеңдей бастады. Мәселен, 1998 жылға дейінгі кезеңмен салыстырғанда соңғы жылдары шанды дауылдың қайталануы 3 есе, боран 1,5 есе және тұман 35-тен 21 жағдайға дейін қысқарды. Бұл ретте елорда аумағында жауын-шашынның жылдық мөлшері біртіндеп ұлғайып, жаңбырсыз кезеңдердің ұзақтығы да азаюда.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Азбаев, Б.О. Опыт по созданию лесных культур второго приема в условиях зеленой зоны г. Астаны. / Б.О. Азбаев // Технологии создания защитных насаждений в пригородной зоне г. Астаны (матер. Междунар. науч.-практ. совещания, г. Астана, 8 июня 2012 года). - Астана, 2012. С. 40-44.
2. Азбаев, Б.О. Почвы зеленой зоны г. Астаны и классификация их по лесопригодности / Б.О. Азбаев, А.Н. Рахимжанов, М.Р. Ражанов // Леса России и хозяйство в них, 2013. С. 12-14.

3. Кабанова, С.А. Наблюдения за ростом лесных культур второго порядка в условиях зеленой зоны г. Астаны / С.А. Кабанова, О.Н. Мироненко, В.А. Борцов, И Байрамова // Материалы Междунар. науч. - практ. конф. «развитие «зеленой экономики» и сохранение биологического разнообразия» - Щучинск, 2013. С. 129 - 132.
4. Верзунов, А.И. Влияние почвенно-мелиоративных мероприятий на приживаемость и рост древесных пород и кустарников на засоленных и заболоченных землях в пригороде г. Астаны / А.И. Верзунов, С.М. Баранов, Е.Н. Нысанбаев, В.И. Ломов // Материалы международной научно-практической конференции, 10-12 августа, г. Щучинск. - Алматы: Бастау, 2005. С. 224-230.